

**Байғанин аудандық мәслихатының
2016 жылғы 23 желтоқсандағы
№ 48 «2016-2018 жылдарға арналған
Байғанин ауданының бюджетін бекіту
туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы № 95-IV Бюджет Кодексінің 104-бабының 5-тармағына, 109-бабына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабына сәйкес, Байғанин аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Байғанин аудандық мәслихатының 2016 жылғы 23 желтоқсандағы №48 «2017-2019 жылдарға арналған Байғанин ауданының бюджетін бекіту туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №5224 санымен тіркелген, 2017 жылғы 26 қаңтарда аудандық «Жем-Сағыз» газетінде жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

- 1) 1 тармақта:
 - 2) тармақшасында
шығындар - «4 041 201» деген сандар «4 270 899,7» деген сандармен ауыстырылсын;
 - 5) тармақшасында
бюджет тапшылығы (профициті) - «19 457» деген сандар «-249 155,7» деген сандармен ауыстырылсын;
 - б) тармақшасында
бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) - «19 457» деген сандар «249 155,7» деген сандармен ауыстырылсын;
2. Осы шешім 2017 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.